



SOZAQ ÚNI

АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ГАЗЕТ

sozak_uni@mail.ru

№40 (9018)

WWW.SOZAQ-UNI.KZ

СЕНБИ
4 маусым, 2022 жыл

Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Туым тұтастығым, Елтаңбам елдігім, Әнұраным арым!



Тұқияннан тамыр тартып бабаларымыздың кіндік қаны тамған туған жеріміздің әр тасы алтыннан, әр түп жусаны жақұттан қымбат. Дөңгеленген жер шарының белгілі бір белдеуінен орын алған мемлекетіміздің өзге елдермен иық тірестіріп «біз қазақпыз» деп теңдесе тұруы тәуелсіздік атты ғажайыптың арқасы. Сан ғасырлардан шапқыншылық пен жаугершілік, аштық зобалаңы мен қуғын-сүргін, соғыс зұлматтарын бастан кешірген қазақ халқы бүгінгі таңда мамыражай күй кешуде еркіндік дегеніміз ертегі, бостандық дегенің бос қиял емес, нағыз халық армандығын, бабалар аңсаған жарқын өмір көкжиегі ретінде атқан таңдай күлімдеп алдымыздан шықты. Азапты жылдардың жемісіндей желкілдей өскен көк шыбық сынды жас мемлекетіміздің алдында борасынды дауылы, найзағайлы жауыны, аптап ыстығы, қара еменді түбінен тартар желі тұр. Оған қауқарлық танытар әркімнің бойдағы бұла күші емес, білімі мен жігері, отаншылдық пен азаматтық қасиеттері басым болуы керек. Әлде қалай күн болса «Күлдір күлдір кісінетіп күреңді мінер, күдеріден бау тағып, кіреуке кіреді» азаматтар баршылық. «Алашым» десең атқа қонар, «Анадан туған алыптар» баршылық. Аплаға тәуба! Міне, бізде тау тұлғалы ұлдар, ай дидарлы қыздар ұлтымыздың өсіп-өркендеуіне үлесін қосудан тартынған емес. Отан деп айту үшін, артыңда сүйенер халқың, менмін дегенде мерейі үстем мемлекетің, қаным дегенде қажырың мен қайратың қатар тұруы керек.

Бүгінгі Ата заңымыз-Конституциямыз бен кешегі жеті Жарғымыз, әділдікті айтарда қара қылды қақ жарған билеріміздің маңдай терімен келешек ұрпаққа берген аманаты. Тәуелсіз мемлекетіміздің 31 жылдық дамуы аз ғана уақыт болғанымен көптеген мәселелер игерілді. Мемлекетіміздің алғашқы ірге тасымен қаланған Елтаңбамыз, Әнұранымыз, көк Туымыз біздің ұлтымыздың айбары, айбыны, рухы, нышаны, болашағы, өсіп-өркендеуі. «Сенің кім екеніңді айтайын, алдымен досыңды көрсет» дегендей-ақ, Қазақстан Республикасы дегенде Елтаңбамыз, көк байрағымыз, әнұранымыз көз алдымызда қатарласа бой көрсетері анық. Бірде бір мектептің сабағына кіргенімде мектеп оқушылары өз парталарына отырар сәтте алдымен мемлекеттік әнұранды тыңдап барып сабағын бастайтынын көріп қатты толқыдым. Әнсалып, домбыра шерткен қазақ халқы үшін әнұранды жаттау, орындау қиындық тудырмас. Мемлекеттік мекемелер мен ұйымдарда Елтаңбаны жоғары жарқырата іліп, туды төгілдіре төрге оздырып, әнұранды шырқатып тұру дағдыға айналдырса, кейбір коммерциялық ұйымдар, серіктестіктер, акционерлік қоғамдардың аспанмен таласқан ғимараттарынан мемлекеттік нышандарды көре алмай тура бір атаусыз аралда жүргендей боламыз. «Ұлт боламын десең, бесігіңді түзе» деп ғұлама жазушы М.Әуезов айтқандай тіл мен дінді, мемлекеттік нышандарды құрмет тұтпаған кейбір қандастарымыздың сал-сүйектілігіне жа-

ным ашиды. Қиыншылықтар уақытша, ол өтеді, кетеді. Ал мемлекет тәуелсіздігі, ұлт мұраты, ұрпақ болашағы сияқты құндылықтар мәңгі қалады. Елдігімізді, еркіндігімізді айнадай айшықтандырар мемлекеттік рәміздер-еліміздің абыройын, мәртебесін, халықтың рухын көтерер ерекше қадірлі белгілер. Осы қастерлі рәміздерді құрметтей білу арқылы келешекте еліміздің экономикасы мен қорғанысы, әл-ауқаты мен байлығы жағынан әлем елдерінен оқ бойы озып шығатын мемлекет боламыз. Рәмізді сыйлай білген әрбір азамат тарихты құрметтейді. Бірін бірі сыйлай біледі. Отанын сүйеді, елін сүйеді. Елін, халқын, отанын сүйген азамат халқына қалтқысыз беріле еңбек етеді. Әрбір ұлтжанды азамат еліне беріле қызмет еткен соң, оның елі бай, қуатты, қорғанысы мықты елге айналады. Сонда біз дамыған, бай мемлекеттің бірі болмағанда кім боламыз! Ауданымызда Жәнібек пен Керейдің алғаш хандық құрған кезеңінің куәсі ретінде еңселі ескерткішті кешен ашылған. Мұнда мемлекеттік ту көтеріліп, әнұран орындалып, жастарды әскерге шығарып салу үшін ақ бата беріліп, түрлі патриоттық шаралар өтетін тарихи-мәдени кешеннің орны ерекше. Міне, осы кешен аудан жастарының алтын босағасына айналды. Аудан орталығында аудан жастарының сарайы да ашылды. Міне, мемлекеттік рәміздерімізді құрметтеу, мәртебесін көтеріп насихаттау жыл санап артып келеді.

Елімізбен бірге мәңгі жасай берсін!

Құрметті жерлестер!

Қадірлі аудан тұрғындары!

Сіздерді Қазақстан Республикасының рәміздер күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

1992 жылғы 4 маусым күні «ҚР Мемлекеттік Туы туралы», «ҚР Мемлекеттік Елтаңбасы туралы», «ҚР Мемлекеттік Әнұранының музыкалық редакциясы туралы» тарихи заң қабылданды. Бұл еліміз үшін аса маңызды тарихи сәт ретінде есте қалып, рәміздер күні болып бекітілді. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев, «Бұл-еліміз үшін айрықша маңызды мейрам. Көк байрақ, Елтаңба мен Әнұран әрбір қазақстандықтың жүрегіне мақтаншыл ұялатып, отаншылдық рухын асқақтатады. Тәуелсіздіктің қасиетті нышандары ұлтты ұлы істерге ұйыстыра берсін!», -деп, бұл күннің маңыздылығына атап өткен болатын.

Мемлекеттік рәміздер-ұлттық бірлігімізді, егемендікті, біртұтастықты бейнелейтін негіздердің бірі. Сондықтанда осынау елдігіміздің нышаны - рәміздерді қастерлеу бәріміздің қасиетті борышымыз. Тәуелсіздігіміздің белгісі мемлекеттік рәміздер, елімізбен бірге мәңгі жасай береді.

Құрметті аудан тұрғындары!

Баршаңызға зор денсаулық, ұзақ өмір, отбасыларыңыздың амандық тілейміз. Көкбайрағымыз көк аспанда желбіреп, Елтаңбамыз еңселі, Әнұранымыз салтанатты жағдайда шырқалсын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

М.ТҰРЫСБЕКОВ,
аудан әкімі.
Б.БАЙҒАРАЕВ,

аудандық мәслихаттың хатшысы.

Мақтаншыым- мемлекеттік рәміз!

Мақтаншыым – мемлекеттік рәміз,
Әрбірі оның таным, тарих, шын аңыз.
Ту, Елтаңба, Әнұраным-өзіңнен.

Алашымның азат үнін ұғамыз!

Үш бақыты- бар бақыты ұлтымның,
Әспеттеген айбыны асқақ ғұрпымның.
Үшеуі ол- ажар, көркі, айбаты,
Күнді сүйген ай мінезді жұртымның!

Көк байрағым-шалқар көлім, көк аспан,
Көкжиегім, зеңгір бұлтпен таласқан.
Көк туымда көк берілік рух бар,
Ұлы ұлттың өрлігімен санасқан.

Ән ұраным кие тұттар айбыным,
Әнұраным, көк байрағым ай-күнім,
Елтаңбам-ол елдігімің белгісі,
Құны шексіз, бағасы жоқ байлығым!

Рәміздер ұлт бейнесі деседі.

Бабалардың ізі қалған кешегі.
Жылнамалар жыр етеді өткенді,
Сайын дала, самал желің еседі.

Батыр ұлан Жеңісті өтер нұр елін,
Құрмет тұттар сол жастардың бірі едім.
Олимпиада тұғырында сен тұрсаң,
Дүрсіл қағар кеуде тұста жүрегім!

Сән салтанат көрнеп тұрса даланы,

Рәмізден жүрек от боп жанады.

Әнұраным «Қазақстан!» шырқалса,

Алақаным жүрек тұсын табады!

Бұл ғаламда меніменен сен бар да,
Сенім артар айбыны асқақ ел бар да.
Рәмізім сенің орның Ұлы Төр!

Елім дейтін ер намысты ер бар да!

Елнұры ЖЕҢІС,
Қаныбек Сарыбаев атындағы
сыйлықтың иегері.

Қоғамдық кеңесте

Қоғамдық қабылдаулар өткізді



Созақ аудандық қоғамдық кеңес мүшелері Шолақорған ауылындағы «Ардагерлер үйінің» мәжіліс залында аудан тұрғындарымен қоғамдық қабылдаулар өткізді. Қоғамдық тыңдау барысында бірнеше азаматтар өзінің мәселелерімен келіп өтініштерін білдірді. Созақ аудандық қоғамдық кеңес төрағасы М.Са-

паров алдағы уақытта да осы бағыттарда қарқынды жұмыстар жасап азаматтармен кездесулерді жиі өткізіп, олардың ұсыныстары мен пікірлері назарға алынып, тиісті орындарға ұсынылып отыратындығын жеткізді.

Қоғамдық кеңес мүшелері, атап айтқанда 24 мамыр күні «Бюджет және экономикалық

даму, сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы іс-қимыл мәселелері» бойынша комиссия төрағасы Нысанбаев Айдархан Әлтенұлы және комиссия мүшелері 25 мамыр күні «Ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік, құрылыс және коммуналдық салаларының дамуы» бойынша комиссия төрағасы; Жақсыберген Райымбек Маратович және комиссия мүшелері.

26 мамыр күні «Әлеуметтік саланың дамуы жөнінде, экологиялық ахуал және азаматтардың құқықтарын қамтамасыз ету» бойынша комиссия төрағасы; Смахова Бахыт Тұрсынқызы және комиссия мүшелері аудан тұрғындарымен қоғамдық қабылдаулар өткізді.

«Созақ үні»-ақпарат.



Қалдықтар да жерде қалмайды

«Қалауын тапса қар да жанады», «Заманына қарай адамы сай болса» деген сөздер тегін айтылмаса керек. Созақ ауылының тұрғыны Әзімбаева Сәлия есімді қарындасымыз өндіріс орындарындағы тұрмыстық қалдықтарды жинап, түріне қарай сұрыптап, тығыздап жинайтын орын ашты. Жиналған тұрмыстық қалдықтарды арнайы қондырғымен буып-түйіп Шымкент қаласына қайта өңдеуге жібереді.

Таяуда аудан басшысы Мұхит Тұрысбеков арнайы барып, қалдықтарды реттейтін цехтың жұмыс барысымен танысты. Мұхит Сексенбайұлы ауданда алғаш рет ашылып, іске қосылып отырған орынды жоғары бағалады.

«Тұрмыстық қалдықтарды жинап, қайта өңдеу заман талабы. Қоқысты жекелеп жинау, сұрыптау мен қайта өңдеу инфрақұрылымы кенжелеп отыр. Аудан көлемінде осындай іс ашып, ұйымдастырып отырған жаңдарға қолдау білдіру маңызды. Қоқысты сұрыптау мәдениетін жолға қоюымыз керек. Біздің тарапымыздан қолдау болады,- деді аудан басшысы.

Сәлия Әзімбаева бүгінде ауылдас жұмыссыз 4 азаматты жұмыспен қамтып отыр. Олар ауыл ішіндегі, көше бойындағы қоқысты жинап алады. Сондай-ақ жекелеген азаматтарда тұрмыстық қалдықтарды арнайы келіп өткізіп жатыр екен.

«Екі қолға бір күрек табылар» деген осы болар. Отбасымызбен тың кәсіп ашу жолдарын алдын ала ақылдасқан болатынбыз. Ойлана келе осы бағытты таңдадық. Осындай жайлар ауданымызға қажет шығар деп ниет етіп бастағанбыз. Алдағы уақытта арнайы көлік техникасы мен пластмасса қалдықтарын ұсақтап тұрайтын аппарат алуды жоспарлап отырмыз. «Бастау Бизнес» жоба бойынша кәсіпкерлік курсын бітіріп, сертификат алдық. Алда биік белестерді мақсат етіп отырмыз,-дейді кәсіп иесі Сәлия Әзімбаева. Биылғы жылы гранттық комиссияға кәсіп иесінің аталмыш жобасын ұсынып және аталған жобаның ауқымын кеңейтуге тиісті орындар тарапынан қолдау болатынына сенім білдіреміз.

«Созақ үні»-ақпарат.

Түлектер тартуы

КӨПІР САЛУ-САУАПТЫ ІС

Көпірдің қажеттілігін, әсіресе, өзен-көлдердің жағасын жайлаған жұрт жақсы біледі. Яғни, көпірсіз өрісің тарылады. Тіптен, барар жерің сол судың арғы беті болса, жолың кесіледі. Содан болса керек-ті, Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) хадистерінде «Көпір салу-сауапты істердің ең үлкені» делінген. Сондай сауапты істі Жуантөбе ауылындағы Сәкен Сейфуллин атындағы жалпы орта мектепті 1992 жылы бітірген түлектер жасап, 30 жылдық кездесулерінде ауылға қажетті көпір салып көптің алғысын алды. Бұл көпір Жуантөбе ауылын көрші Қақпансор елді мекенімен жалғайтын және Шу өзені су арнасын Қоңыратарық елді мекеніне апаратын көпір. Аталған көпір жылдар бойы тозығы жетіп, жол жиегі тарылып, ескірген болатын. Соны ескерген түлектер ескі көпірді бұзып, орнына жаңадан көпір салып, жолын кеңейтіп берді.

Көпір салу сауапты әрі халыққа берері мол игілікті іс екені бесенеден белгілі. Ауылға қажетті көпір салу жұмыстарын жүргізген елеулі еңбектеріңізді ескере отырып, арнайы тарту жасағандарыңыз үшін шынайы алғыс білдіреміз. Бұл игілікті істеріңіз болашақ жас ұрпаққа үлгі болады деп сенеміз дейді ауыл тұрғындары.



Ауылымызда атқарылатын жұмыстардың барлық мәселелерін бюджет есебінен шешіледі деп артып қоймай, мұндай игі істер жыл сайын дәстүрге айналып, бірқатар мәселелер шешімін табуда,-дейді белсенді түлектер.

Ауыл әкімінің айтуынша алдағы уақытта «Ауыл – ел бесігі» жобасының негізінде 1 көшеге (Әйтеке би көшесіне) асфальт жол, 3 көшеге (Ә.Жақсыбайұлы, Қазыбек би, Қ.Омарұлы көшелеріне) орташа жөндеу қиыршақ тас төсеу жұмыстары мен жергілікті бюджет есебінен 1 көшеге (Абылай хан көшесіне) жарықтандыру жұмыстары жүргізіледі деп жоспарланып отыр.

Мақсат ЖЕҢІСУЛЫ.

Аудан көлемінде саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай еске алу, тағзым ету сияқты түрлі шаралар өткізіліп келеді. Еліміздегі тұңғыш репрессия 1928 жылдан басталды. Оның себебі 1925 жылы Қазақстан өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы болып келген Ф.И.Голощекин еліміздің саяси-экономикалық және әлеуметтік жағдайымен танысқаннан кейін «Қазақстанға Ұлы Қазан революциясының ешқандай ықпалы болмады, сондықтан мұнда «Кіші Қазан революциясын жасау керек» деген теріс қорытындыға келіп, республикада репрессиялық шаралар жүргізе бастайды. Ол ең алдымен ескі зиялыларға ауыз салады. Солардың ішінде Ә.Бөкейхан, Ж.Ақбаев, Ә.Ермеков т.б. болды.

Сталиндік репрессиялардың себептеріне бірнеше негіздерін көрсетуге болады. Алып Совет Одағының индустриаландыру үшін тегін жұмыс күшінің қажеттілігі, бүкіл мемлекет аумағында еңбек лагерлерін құрып, өнеркәсіп және өндіріс орталықтарының

"Ұлт қасіреті. Тарих. Тағзым"



маңына мыңдаған әртүрлі халық өкілдерін депортациялау әдісімен шоғырландыру арқылы тегін жұмыс күшіне қол жеткізу. Тоталитарлық билікті күшейту мен жоғарыдан түсетін шешімдерді іске асыру үшін 1939 жылдың аяғына қарай КСРО аумағында 600-ден аса жалпы және ішкі түрмелер салынды, оның ішінде, Қазақ-

стан аумағында 23 жалпы және 11 ішкі түрме болды. Қазақстан мен Орта Азия аумағындағы 32 лагерьде жазасын өтеген жазықсыз жандар әртүрлі өнеркәсіп орталықтарында еңбек еткен.

Сонымен қатар, 1937-1938 жылдар саяси репрессиялардың ең шарықтаған шағы болды. Оның себептеріне, Комму-

нистік партияның билік үшін күресі, Сталиннің жеке билігін күшейту барысында қарсыластарын жою мақсаты жатты. Қазақстан бойынша қамауға алынғандардың саны 105 мың адамды құрады, оның 22 мыңы ату жазасына ұшырады. Зиялы қауым өкілдерін ату – әлеуметтік қорғаудың жоғарғы деңгейі деп аталса, елді басып кеткен лагерлер–әлеуметтік алдын-алу орны деп аталды.

Т.Рысқұлов, Н.Нұрмақов, С.Қожанов және тағы басқа да көптеген мәдениет және өнер қайраткерлері, ұлт жанаушылары «халық жауы» деп айыпталып, репрессияға ұшырады.

С.Қожанов атындағы Созақ аудандық тарихи - өлкетану музейінде Саяси қуғын – сүргін құрбандарын еске алу күніне арналған "Ұлт қасіреті. Тарих. Тағзым" атты дөңгелек үстел өтті. Іс-шараға БАҚ және зиялы қауым өкілдері,

тарих пәнінің мұғалімдері қатысты. Қаламгерлер М.Қарғабай, Б.Айдарбеков, ұстаз М.Иманбеков, ардагер ұстаз М.Қайыржанова, тарихшы Лаура Тастемірова қаралы жылдардың тарихынан әңгімелеп, ойларын ортаға салды. Саяси қуғын – сүргіннің құрбаны, даңқты жерлесіміз, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері С.Қожановтың ұлт мүддесі үшін күресі, ерен еңбегі, жазықсыз жапа шеккені жайлы тың деректер айтылып, ғұмыр жолын тереңдетіп насихаттау барысы әңгімеленді. Өлке тарихының қаралы кезеңі-Созақ көтерілісінің себеп-салдары, тарихтан алар орны, ұлт-азаттық маңызы жайлы да сұрақтар қозғалып, ойталқыға салынды. Репрессия құрбандары жайлы бейне баяндар, көрмелер қатысушылар назарына ұсынылды.

Гүлнар ӨМІРБЕК.

Әжелер арасында өткен ән байқауы

Жақында аудандық «Мыңжылқы» мәдениет сарайында Республикалық ардагерлер ұйымының құрылғанына 35 жыл толуына орай әжелер арасында «Әжелердің сазды әні» атты қазақтың халық әндерін орындаудан аудандық ән байқауы өткізілді. Шараны ұйымдастыруға аудандық ардагерлер кеңесі мен мәдениет тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі ұйытқы болды.

Дәуір өтіп уақыт озған сайын, біз болашаққа көш түзген қазақ ән керуенімен бірге сапар шегіп келеміз.

Қазақ өнерінің інжу-маржаны, сырлы саз бұл өмірдің базары мен ажары дер болсақ, сан қилы сезім тылсымдарына жетелейтін ғажайып

уындағы әндерді орындаудан бәсекеге түсті.

«Әжелердің сазды әні» атты аудандық ән байқауы мәреге жетті.

Бас жүлдені Гүлжан Үсенова жеңіп алды. Бірінші орынға Қарлығаш Кемелова ие болса, екінші орынды Иманқұлова Жайна иеленді. Сондай-ақ үшінші орынды Қалдыгүл Ақбергенова еншіледі. «Көрермен көзайымы» арнайы жүлдесімен Күмісай Жағыпарова марапатталды. Бұлбұл дауысты әже номинациясы Жұмақыз Өтеповаға тапсырылды. Қатысқаны үшін арнайы Алғыс хатпен Күлзакира Күлбаева, Мария Исмаилова, Бегай Абызова, Бибінұрша Жүнісова, Ақшагүл Торғаева марапатталды. Жүл-



әлем, қазақтың халық әндері. Құлақ құршыған қандырған, елді халық әндерімен сусындатқан әнші ақ әжелеріміз сахна төріне көтерілді. Иманқұлова Жайна (Құмкент), Келбаева Күлзакира (Жар-тытөбе) Кемалова Қарлығаш (Созақ), Өтепова Жұмақыз (Шолақорған), Үсенова Гүлжан (Қарақұр), Исмаилова Мария (Шу), Абызова Бегай (Сызған) Жүнісова Бибінұрша (Абай), Торғаева Ақшагүл (Таукент) Жағыпарова Күмісай (Бабата), Ақбергенова Қалдыгүл (Қаратау) көрермендерге таныстырылды.

Аудандық ардагерлер Кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов ән байқауына қатысушыларға жылы лебізін білдіріп, сәттілік тіледі.

Өнер сайысына қатысушылар халық әндерін орындау мен еркін тақырыпта өз қала-

дгерлердің бәріне қаржылай жүлделер табыс етілді.

Байқауға аудандық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары, әжелер алқасының төрайымы, Созақ ауданының Құрметті азаматы, қазылар алқасының төрайымы, Ажар Момбек «Аналар» республикалық қоғамдық журналының бас редакторы, қазылар алқасының мүшесі, Айдос Әлқуат аудандық «Мыңжылқы» мәдениет сарайының музыка жетекшісі, облыстық, республикалық ән байқауларының лауреаты, қазылар алқасының мүшесі қазылық етті.

Көрермендерді әнмен әлдилеген әжелер келесі байқауларға аман-есен келіп қатысуға нәсіп етсін деген игі тілекпен тарасты.

Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ.

Балалар бақытты болуға лайық

Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының «Созақ аудандық психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» коммуналды мемлекеттік мекемесі Президентіміздің биылғы жылды «балалар жылы» деп жариялауына байланысты және 1 маусым-балларды қорғау күніне орай «бақытты балалық шақ» атты мерекелік шара өткізді. Мерекелік шараға аудан кәсіпкерлері, атап айтқанда Әлтеков Берік («Созақ сәулет» мекемесі), Бекқұлиев Нұрболат («Ақниет» дүкені), Әбжанов Ғабит («Жүрсін» дүкені), Құдайбергенов Есен («Арай» дүкені), Ниетқабылұлы Жантөре («Қайсар» дүкені),

Манабаев Қожан («Ақниет» дүкені), Сағынтаев Руслан («Іңкәр» дүкені) есімді азаматтар демеушілік танытып, ата-аналар мен мекеме қызметкерлерінің, жалпы аудан халқының зор ілтипаты мен ризашылығына бөленді. Аталмыш шарада мекеме мамандары Нұрмағанбетова Сәрсенкүл мен Серікбайқызы Жайнаның және басқа да қызметкерлердің ұйымдастырушылық шеберліктері көпке үлгі-өнеге болары анық.

Шыңғыс НАСРЕДИНОВ,
«Созақ аудандық психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» КММ директоры.

Һәрқо әнізәжәрәм қорғоп



ұласты. Осы аталмыш концерттік шараның ашылуында сахна төріне көтерілген аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлы Тұрысбеков аудан өрендерін халықаралық деңгейде тойланып жатқан әлемдік мерекемен құттықтап шынайы ақ тілегін жеткізді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен 2022 жылды елімізде «Балалар жылы» деп жариялауына байланысты, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген балалар жылын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес республиканың түкпір-түкпірінде түрлі шаралар атқарылуда. Бүгін біздің ауданда да «Бақытты балалық шақтан болашаққа» тақырыбында мерекелік шара өтуде. 2021-2022 оқу жылында аудандағы 35 мектепте 15544 оқушы білім алып, 2 қосымша білім беру ұйымдарында (А.Жұбанов атындағы саз мектебі, Жас туристер станциясы) 344 бала қосымша білім

Балалардың күлкісі-көркі, сәні әлемнің

1 Маусым-Халықаралық балаларды қорғау күніне орай және Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялауына байланысты аудан орталығындағы «Мыңжылқы» мәдениет сарайында аудан мектептерінің оқушылары мен бала баша тәрбиеленушілерінің қатысуымен «Бақытты балалық шақтан-болашаққа» атты мерекелік шара өтті. Алдымен «Мыңжылқы» мәдениет сарайының алдында аудандық балалар кітапханасының ұйымдастыруымен «Бар әлем бізбен бірге!» атты мерекелік бағдарлама ұйымдастырылды. Онда балаларға арналған мерекелік бағдарламаны аудан әкімі салтанатты түрде құттықтау сөзбен ашып, барша балаларды айтулы мерекемен құттықтады. Шарада түрлі сауықтыру-мәдени ойындар мен сергектік шаралары өткізілді. Мәдениет сарайының екінші қабатында аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен «Балалық шақтан болашаққа» бағдарламасы шеңберінде шараға келген аудан басшысы, қонақтар мен көрермендер оқушылардың шығармашылығына ұштасқан арнайы көрмелер мен шығармашылық жұмыстарымен танысты. Алдымен «Суреттер сөйлейді» атты жас суретшілер алаңында Н.Төреқұлов атындағы ІТ мектеп-лицейі оқушыларының сурет көрмесі және Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебі оқушылары «Құм терапиясы» технологиясымен таныстырса, Қол өнерім-төл өнерім» атты байқауда жас шеберлер алаңында Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта мектебінің «Гүл әлемі» дизайны, А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектебі ұйымдастырған қол өнер жасау әдістері көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. «Ғылымға сапар білімнен» атты жас ғалымдар көрмесінде Т.Әлімқұлов мектеп интернаты мен Төреқұлов мектебінің қызықты химиялық тәжірибелері көрермендерді өздеріне тарта түсті. Одан арысы «Жаңаша ойлау-жаңа технология», «Өнерге қанат қағамыз» атты сазды әуен шарасына

алуда. Аудандағы 40 мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында (17 мемлекеттік, 20 жекеменшік, 3 мектеп жанындағы шағын орталық) 4292 бүлдіршін тәрбиеленуде. Оқу жылы ішінде апта сайын мектеп оқушыларын облыстағы тарихи мәдени орындарға, танымдық саяхатқа аудандағы (Баба Түкті шашты Әзіз, Ысқақ баб, Қарабура кесенелеріне) 529 оқушы, Түркістан қаласына Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне 1118 оқушы саяхатқа барып қайтты. Бұл игі шаралар жалғасын таба бермек.

Бүгін барлық мектептерде мектеп жанындағы сауықтыру лагері жұмысын бастады. Оларға 2650 бала қамтылады деп жоспарлануда. Ал балалардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру мақсатында қала сыртындағы лагерлерге аудан мектептерінен 900 бала тегін жодама арқылы демалдыру күтілуде. Мен осы елдің азаматымын, осы жерде туылдым, осы жерде білім алдым, өстім, ендігі кезекте перзенттік парызым ретінде артымызда елім-жұртым айта жүрерліктей із қалдыру менің басты арманым. Осы елге сіз бен біздің жанымыз ашып, перзенттік парымызды сезіне білмесек, онда біздің азаматтық тұлғалығымыз қайда? Сондықтан да алдағы күндерде сіз бен біз болып қолға алатын көптеген батыл бастамалар бар. Сол істердің оябынан шығайық. Бүгінгі өміріміздің мәні, әрбір шаңырақтың сәні-балаларымыз аман болсын! Баршаңызды осы балалар мерекесімен шын жүректен құттықтай отырып, болашақтағыңыздың жарқын болуына тілектеспін!-деді Мұхит Сексенбайұлы өз құттықтауында, аудан басшысынан кейін аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов, адами әлеуетті дамыту бөлімінің басшысы Нұрәлі Айдаров өздерінің жылы лебіздерін білдірді. Аталмыш шара оқушылар мен тәлімгерлердің өздері ұйымдастырған мерекелік концерттік бағдарламасына ұласты.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

Сарыжаздағы сайысты шара



1 Маусым-Халықаралық балаларды қорғау күніне орай шалғайдағы Қаратау ауыл әкімдігіне қарасты Сарыжаз ауылында Сарыжаз негізгі орта мектебі (директоры

Е.Төлепов) мен ауылдық кітапхана (кітапхана меңгерушісі Ж.Қуанышбаева) ұжымдарының бірлесе ұйымдастырған «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» атты мере-

келік спорттық шаралары өтті. Онда отбасылық спорттық сайыс бойынша бірнеше командалар арқан тарту, асық ату, тоғыз құмалақ, биіктікке секіру, шалма лақтыру, ләңгі тебу сияқты ұлттық ойындар арқылы жеңіс тұғырына шығуды мақсат тұтты. Көпсайыс, мергендер, Ептілер, кім жылдам?, Біз біргеміз сайыстары бойынша қазылар алқасының шешімімен бірінші орынды Молжігіт-өвтер отбасы, екінші орынды Төлегеновтер, үшінші орынды Тоқбергеновтер отбасы иеленіп, олар мектеп басшылығының бағалы заттары мен Алғыс хаттарымен марапатталды.

Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.

Рух рәміздерден қуат алады

Ұлттық рәміздеріміздің тарихы тым тереңде жатыр. Қай кезеңдерде болмасын мемлекеттердің басты ерекшеліктері, олардың тулары, белгілері болған. Ол рәміздерді батыр, ержүрек сарбаздарға ғана сеніп тапсырған. Әскери жорықтарда тұстаушылар, көрнейшілер қолбасшылардың алдында, саптың басында тұратын болған. Күлдір, күлдір кісінетіп, күреңді мінер ме екенбіз, Күдеріден бау тағып кіреуке киер ме екенбіз!-деген кешегі Ақтамберді жыраудың өзі әскери адам. Ол барлық жорықтарда әскер қатарындағы сарбаздарды рухты жырларымен жігерлендіріп тұрған екен.

XX-шы ғасырдың аяғында Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігінің қалыптасуы тарихында жаңа ресми рәміздерді жасау маңызды болды.

Мемлекеттік рәміздерді ресми бекітудің өз тарихы бар. Қазақстан Республикасының Президентінің 1992 жылғы 4 маусымда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік туы туралы», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасы туралы», «Қазақстан Республикасы мемлекеттік әнұранының музыкалық редакциясы туралы» заңдарға қол қойды. Қазақстан тарихында алғаш рет 1995 жылы мемлекет басшысының байрағы пайда болды. Қазақстан Республикасы Президентінің омырау белгісі сияқты ол да мемлекеттің жоғары лауазымды адамының ресми айырым белгісі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 9-бабына сәйкес Тудың, Елтаңбаның және Әнұранның сипаттамасы мен оның пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары туралы» 1996 жылғы 24 қаңтардағы Конституциялық заң күші бар Жарлығымен, сондай-ақ осы заңға 2006 жылғы 7 қаңтардағы өзгерістер мен толықтырулар енгізген заңының қосымшасында айқындалған болатын.

Мемлекеттік рәміздер тарихындағы маңызды сәт 1997 жылғы 8 қарашада олардың Қазақстан елордасы-Астанаға ресми берілуінің салтанатты рәсімі болды. Қазақстан Республикасы Президентінің Алматы

қаласындағы резиденциясынан Тудың, Елтаңбаның, Қазақстан Республикасы Президентінің байрағының эталондары жаңа астанаға жеткізілді. Сол күні Қазақстан Республикасы Президентінің елордадағы Резиденциясы ғимаратының үстінде Мемлекеттік ту көтерілді.

Мемлекеттік Елтаңба, Ту және Әнұран әрбір мемлекеттің ажырағысыз қастерлі дүниесі болып табылады және оның егемендігінің символын белгілейді. Ту, Елтаңба және Әнұранмен қатар-елдің аса маңызды мемлекеттік атрибуты болып табылады. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік туының авторы-белгілі суретші Шәкен Ниязбеков.

Ұлттық тудың түсі, таңбаларының орналасуы мен үйлесімі Қазақстанның тарихы мен мәдениетін бейнелейді және терең мағына береді. Барлық түркі халықтары көк түсті-аспан түсі, киелі, шынайы таза түс және биіктікті бейнелейтін түс ретінде қабылдаған. Ежелгі ортақ дәстүрін сипаттай отырып, Қазақстан Республикасы Туының көгілдір түсі Қазақстан халқының тазалығы мен асқақтығын сипаттаса, тудың өрнегі ғасырлар тұңғығынан жеткен қазақ өрнегінде кең таралған зооморфтық әшекейді-«қошқар мүйізді» жаңғыртқан. Туда бейнеленген күн мен қыран мағыналық және көркемдік тұтастықта қозғалыс пен уақыттың айқара ашықтығын және барлық халықтармен қарым-қатынас жасауға дайын екендігін, қазақ халқының ар-намысын, мақтанышы мен тәуелсіздігінің үздіксіз байланысын бейнелейді.

Қазақстан Республикасының елтаңбасы.

1992 жылы 4 маусымы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік елтаңбасының дүниеге келген күні ретінде тарихта және халық жадында мәңгі сақталады. Таңба деген ұғым алғаш рет Түрік қағанаты кезінде бастап қолданыла бастаған. Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі елтаңбасын белгілі суретшілер Ж.Мәлібековпен Ш.Уалиханов жасады.

Елтаңба көгілдір түс аясындағы шаңырақ түрінде бейнеленген. Шаңырақты айнала күн сәулесіндей тарап уықтар шаныылған, шаңырақтың оң жағы мен сол

жағында аңыздардағы қанатты пырақтар бейнесі орналастырылған. Шаңырақ-мызғымас тіректі, тұтастықты, отбасылық игілікті және мемлекеттің бастапқы негізінің символы саналады. Елтаңбаның композициялық құрамдас бөлігі ұшып бара жатқан қанатты пырақтар, олар уақыт пен кеңістіктің тұтастығын, жақсылыққа, шексіз дамуға, тәуелсіздік пен бостандыққа ұмтылысты бейнелейді. Елтаңбаның жоғары жағының ортасында біздің мемлекетіміздің ниетінің биіктігін және сарқылмас өмірлік күш-қуатын білдіретін бес бұрышты жұлдыз орнатылған.

Ал мемлекеттік Әнұран-егемен мемлекеттің Туы мен Елтаңбасының музыкалық баламасы.

Мемлекеттік әнұранның қазіргі заманғы түсінігі-патриоттық сезімді білдіретін патриоттық ән. Заңда ҚР мемлекеттік әнұраны мемлекеттік органдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қоғамдық бірлестіктері мен өзге де ұйымдарында өткізілетін рәсімдер, салтанатты іс-шаралар кезінде ҚР Мемлекеттік туы көтерілген сәтте, салтанатты және мерекелік шараларда орындалады. Дипломатиялық протокол практикасы үшін Қазақстанның мемлекеттік әнұраны ҚР ресми сапармен келген шет мемлекеттер, парламенттер, үкіметтер басшыларына қарсы алу және шығарып салу кезінде, тиісті шет мемлекеттің Мемлекеттік әнұраны орындалғаннан кейін орындалатынын белгілейді. Қазақстан Республикасы Президентінің және басқа мемлекет басшыларының шет елдерге сапары барысында алдымен ҚР әнұраны, содан кейін олар барған елдің әнұраны орындалады. Қазақстан Республикасының орағандары мен ұйымдары шет мемлекеттер аумағында іс-шаралар өткізген кезде ҚР мемлекеттік әнұраны ҚР сыртқы істер министрлігінің болып жатқан елдің тәжірибесін және жергілікті салт-дәстүрлерін ескере отырып белгілеген қағидаларына сәйкес орындалады. Сонымен қатар спортшыларымыз жеңіс тұғырынан көрінген сәтте де туымыз көтеріліп, Әнұранымыз орындалады. 1992 жылы 11 желтоқсанда бірінші мемлекеттік

Әнұранның мәтіні бекітілді. 2006 жылы 7 қаңтарда ҚР жаңа Әнұраны бекітілді, оның мәтіні Нұрсұлтан Назарбаев пен Жұмекен Нәжімеденовтікі, ал музыкасы-Шәмші Қалдыаяқовтікі. ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасы Президентінің байрағы және оның айырықша белгілерінің пайдаланылу тәртібі туралы» 1995 жылғы 29 желтоқсандағы Жарлығымен республиканың мемлекеттік және дипломатиялық протоколының практикасына Қазақстан Республикасы Президенті байрағын және омырау белгісін пайдалану енгізілген болатын. Бұл мемлекет басшысының Қазақстанның мемлекеттік құрылысындағы ерекше рөлін, биліктің конституциялық органдарының жұмыс істеуін қамтамасыз етудегі оның айырықша маңыздылығын, сондай-ақ мемлекетіміздің сыртқы саяси қызметін жүзеге асырудағы және тиісінше дипломатиялық протокол іс-шараларын іске асырудағы рөлін бейнелейді.

Қазақстан Республикасының азаматымын дейтін әрбір адам мемлекетіміздің басты құндылығы саналатын мемлекетіміздің рәміздерін аса жоғары дәрежеде құрметтеуіміз керек. Оның авторларын, пішінін, әрбір деталі мені білдіретінін, қандай жағдайларда қолданылатынын жатқа білуге тиіспіз. Әрбір азаматтың мемлекетіміздің рәміздерін құрмет тұтуы, қастерлеуі, басты назарда ұстауы оның беделін асқақтата түсті.

Туымнан биік көрмедім туды өзгеше,

Әнұран шалқыр жігерім кеуде кернесе.

Елтаңбам арым, беттегі ұятым, ожданым,

Жас жаным даяр осылар үшін өл десе!

Көк туым менің көктегі аспан бөлшегі,

Әнұран менің рухымның өр өлшемі.

Елтаңбам елдік, ерліктің нағыз белгісі,

Қуаттап жүрер қайда да болсын Ол сені!-деп ақын жырлағандай қашанда бетіміздің ары, ұлтымыздың бағы, әр қазақтың жаны болар ұлттық рәміздерімізге деген құрметіміз шексіз болсын.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

Сотқа «Сот кабинеті» сервисі арқылы арыз-шағым беру тәртібі

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты интернет-ресурсының «Сот кабинеті» модулі құрылған, сол арқылы жеке және заңды тұлғаларға және олардың заңды өкілдеріне соттарға электронды формаларды толтыру арқылы электронды құжаттар мен іс материалдарын жолдау мүмкіндігі қарастырылған. Бүгінде сот органдарымен электронды хат алмасу мүмкіндігі туындап отыр, бұл заңды, жеке тұлғалармен қатар мемлекеттік және мемлекеттік емес органдарға да қолжетімді.

Жеке және заңды тұлғалар немесе олардың өкілдері «Сот кабинетінде» орналас-тырылған электрондық нысандарды толтыру арқылы электрондық құжаттарды сотқа ұсынуға құқылы. Бұл үшін көрсетілген адамдар «Сот кабинетіне» тіркелуі қажет.

«Сот кабинетіне» тіркелу ЖСН-нің немесе БСН-нің және парольдің көмегімен жүзеге асырылады.

«Сот кабинетіне» тіркелген

адам электрондық құжаттарды беру сервисінің пайдаланушысы болып табылады.

Электрондық құжаттарды беру сервисін пайдаланушы «Сот кабинетіне» тіркелу рәсімінен өткеннен кейін:

- 1) талап арызбен;
- 2) сот отырысының хаттамасын ұсыну туралы арызбен;
- 3) сот отырысының хаттамасына ескертуді;
- 4) өтінішпен сотқа жүгіне алады.

Сотқа ұсыну үшін арыз мәтіндік форматта жүктеледі (қарпі 14 Times New Roman, жартылай интервал)

Әрбір жеке құжат құжаттарды беру жүйесінде жеке файл түрінде жүктелуге тиіс. Файлдардың саны сотқа берілетін құжаттар санына сәйкес келуі керек.

Пайдаланушы жүктейтін файлдың форматы *.doc, *.docx, *.pdf, *.jpeg сәйкес келуі тиіс. Файлдың ең үлкен көлемі 10 МВ-дан аспауға тиіс.

Сервис жетілдірілуде және сот жүйесінің басты электрон-

дық сервисі ретінде өзге бейнелен көрінуде. Бүгінгіге азаматтарға ыңғайлы болуы үшін сот бұйрығын шығаруға арналған арызды жіберуге сервисі бөлек шығарылды, сондай-ақ:

- жеңілдетілген тәртіппен шығарылған шешімнің күшін жою туралы арыз;
- мемлекеттік бажды қайтаруға арыз;
- жеке айыптауға шағым;
- үкімді орындауға енгізгенге дейін сотталған адаммен кездесуге рұқсат беруге арыз жіберу үшін азаматтық және қылмыстық істер бойынша жаңа сервис іске қосылды.

Осы арыздар мен шағымды жіберу үшін пайдаланушы өтініштің ұсынылған нысанын толтырып, қоса берілетін құжаттардың сканерленген көшірмелерін жүктеуі және электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойып, тиісті сот органына жіберуі қажет. Осылайша, пайдаланушыға сотқа барудың және кезекте тұрудың қажеті жоқ. Бұл азаматтардың уақытын және

қаржы шығындарын айтарлықтай үнемдейді. Сондай-ақ кез келген ыңғайлы уақытта өтініштің және істің қаралу барысын қарап шығуға болады.

Сонымен қатар, сот процесін кейінге қалдыру, талап қоюды қамтамасыз ету туралы арыздың күшін жою туралы арызды жіберу үшін сервис іске қосылды және «Сот кабинетінің» мобильдік қосымшасы жаңғыртылды. Сервистің жаңа мүмкіндіктеріне байланысты әр қызмет бойынша жұмыс істеу жөніндегі нұсқаулықтар мен бейнесабақтары жаңартылды.

Мобильді қосымша арқылы құжаттың үш түрін жіберуге болады:

1. Талап арыз;
 2. Өтініш;
 3. Хаттарды жіберу
- Құжаттарды тапсыру үшін Сізге «Құжаттарды жіберу» бөліміндегі үш функционалдың бірін таңдау қажет.

Құжатқа қол қою үшін құрылғыға «msign» қосымшасын орнату қажет.

«Msign» орнатқаннан кейін, осы қосымшаның көмегімен электрондық цифрлық қолтаңбаны орнатыңыз.

Бұл жаңалық «Сот кабинеті» сервисін күнделікті қолдануда тиімдірек болары анық.

Барлық жаңашылдықтар және жаңғыртуы ескере отырып, соттардың халықпен екіжақты өзара іс-қимылына және тұтастай алғанда сот ісін жүргізуді оңайлатуға арналған «Сот кабинеті» бірыңғай, көп функциялы терезе рөлін атқарады.

Қазіргі таңда Созақ аудандық сотына, заңды тұлғалардан келіп түсетін талап арыздар 100 пайыз электронды түрде соттың базасына түседі. Сот қызметкері дайын электронды түрде түскен арызды тіркейді. Ол соттың да, сотқа жүгінген тұлғалардың да уақыты мен жұмысын азайтады.

Ж.ТОҚПАНБЕТОВА,
Созақ аудандық сотының кеңсе меңгерушісі.

Кәсіподақ, кәсіби одақтар – өндірістегі және өндірістен тыс салалардағы қызметкерлерді біріктіретін, өз мүшелерінің әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін құрылатын ерікті ұйымдар; қызметінің сипаты мен кәсіби мүдделерінің ортақтығына қарай ұйымдасқан азаматтардың бұқаралық ерікті қоғамдық бірлестіктері. Кәсіподақ ұйымдары азаматтардың еңбек қатынастарында, жұмыспен қамтылуға, жұмысқа қабылдауға және жұмыстан босатуға, жұмыс уақыты мен демалыстың ұзақтығы мен режиміне, жалақының мөлшеріне, тағы басқа байланысты туындаған мәселелерін шешуде елеулі рөл атқарады.

Егеменді Қазақстан Республикасында кәсіподақтардың құқықтық жағдайы Конституциямен, Еңбек кодексімен, халықтың жұмыспен қамтылуы туралы, халықтың зейнетақымен қамсыздандырылуы туралы заңдармен, басқа да заңдар



кәсіподақтар азаматтар жанынан табылды. Президентімізбен бірге болып, бұра тартпай, ел бірлігі мен тыныштығын сақтауға үлес қосты. «Кәсіподақтар туралы» заңның керектігін Мемлекет басшысы Кәсіподақтың бас кеңесінде болғанда да міндеттеген болатын. Талқыдағы бұл заң кәсіподақтар қозғалысын жетілдіруге, уақытқа сай ізденуге, ізгілікке үйренуге айтарлықтай ықпал жасайды деген ойдамыз. Еліміздің жаңа индустрияландыру саясатына байланысты экономика әлеуетін асыратын көптеген инновациялық кәсіпорындар құрылатыны белгілі. Осыған байланысты еңбек ұйымдарындағы әлеуметтік базаны нығайтудың қажеттігі туындайды. Ондай ауқымды іспен жіті айналысатын кәсіподақ ұйымдары болады. Жаңа заңның түпкілікті мақсаты, тәуелсіз еліміздегі кәсіподақ ұйымының мәртебесін көтере отырып, еңбек адамы құқықтарының бұзылуына жол бермеу. Яғни

Кәсіподақ- тұрақтылық пен ынтымақтың алтын қазығы

мен айқындалады. Кәсіподақтар өзінің қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасы және халықаралық актілер мен келісімдерде бекітілген өзге де заң нормалары шеңберінде, өздері қабылдаған жарғыларға сәйкес, мемлекеттік органдар мен саяси, қоғамдық ұйымдардан тәуелсіз жағдайда жүзеге асырады. Олармен өзара қарым-қатынастарын әріптестік пен құрметтеушілік, сұхбаттастық пен ынтымақтастық негізінде құрады. Кәсіподақтардың құқықтарын шектейтін немесе олардың заңда көзделген құқықтарын жүзеге асыруына кедергі жасайтын қандай да болсын араласушылыққа тыйым салынады. Кәсіподақ өз мүшелерінің мемлекет және шаруашылық құрылымдармен, қоғамдық бірлестіктермен, кәсіпкерлермен қарым-қатынасындағы құқықтары мен мүдделерін білдіріп, қажет болған жағдайда бұларды қорғауға жәрдемдеседі. Ұжымдық шарттар мен тиісті деңгейдегі тарифтік келісімдер жасасады; олардың арасындағы жекелей және ұжымдық еңбек дауларын шешуге көмектеседі. Кәсіподақ пен жұмыс беруші арасындағы даулар бойынша түпкілікті шешімдерді сот шығарады. Қазақстанда, негізінен, федерацияға біріккен.

Тарихқа көз жүгіртетін болсақ, қоғам дамуы мен мемлекеттің тұрақтылығы үшін кәсіподақтар айтарлықтай ықпал жасағанын көреміз. Кезінде, әсіресе кеңестік заман тұсында кәсіподақ ең пәрменді ұйым болған. Кеңес өкіметі кезінде елдегі жұмысшылардың 95%-ы кәсіподақтарға мүше еді. Ол дәуір өтті, кетті. Қазір заман бөлек, талап ерекше. Кеңес өкіметі құлағаннан кейін барлық ТМД елдерінің кәсіподақтары секілді, Қазақстанның кәсіподақтары да еліміз нарықтық экономикаға көшкенде талай қиыншылықтарды бастан өткерді. Жасыратын несі бар, шектеу шаралары да жүргізілді. Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру құқықтарынан айырылды. Алайда, кәсіподақ азаматтардың құқықтарын қорғау барысында өз жұмысын бір сәт те тоқтатқан емес. Қоғамдық ұйымның пәрменділігі неде десеңіз, оның бұқаралық сипат алуында. Бұқаралық деңгейге жетпеген әлсіз ұйымдармен ешкім де санаспайды. Сондықтан да бүгінгі заман тала-

бына сай, қоғамдағы еңбек қатынастарын реттеу маңыздылығына орай, кәсіподақ қозғалысын мейлінше жалпыхалықтық сипатқа жеткізудің қажеттілігі туындап отыр. Еңбек нарығында жұмыс беруші мен жұмысшының арасында Еңбек кодексіне сәйкес еңбек қатынастарын реттейтін екі жақты келісімшарт немесе еңбек ұжымы мен жұмыс берушінің арасында ұжымдық шарт болуы қажет. Сол ұжымдық шарт арқылы еңбек адамының еңбек ету құқығы реттеліп отырады. Яғни, кәсіподақ олардың әлеуметтік-экономикалық және заңды еңбек құқықтарының бұзылмауын, еңбек қауіпсіздігінің заң аясында сақталуын қадағалайды. Кәсіподақ мүшесінің құқығы бұзылған жағдайда, сол еңбек дауын мүмкіндігінше бейбіт түрде реттеуге тырысады. Қажет болған жағдайда заң органдарында олармен бірге қорғаушы ретінде әрекет жасайды. Көбінде еңбек ұжымдарының өзінде ушықтырмай шешуге атсалысады. Шешіле қоймаған жағдайда, кәсіподақтардың жоғары органдарының көмегіне жүгінеді. Ондай мысалдар өте көп. Жеке арыз-шағымдардан басқа, кейбір заң актілерінде көрсетілгендей, пікірлерін ұжымдық түрде де білдіре алады.

– Кәсіподақ ұйымдары еңбек дауларын шешуге қаншалықты қауқарлы? – деген сауалға жауап іздесек, барлық еңбек ұжымдары есеп беру-сайлау жиналыстарында өздерінің қалауымен қоғамдық негізде бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасын немесе төрайымын сайлайды. Жұмыстың пәрменді болуы олардың білігіне тікелей байланысты. Сайланған адам сауатты маман болумен бірге, еңбектің құқықтық-заңнамалық негіздерін бес саусағындай меңгеруі керек. Бойларында адами қасиеттері, адамға жанашырлығы биік дәрежеде болуы тиіс. Ондай қасиеттері, еңбек ұжымында беделі болмаса, туындаған дауларды оңтайлы шеше алмайды. Қиындықтар туындайды. Елдің барлық аймақтарында, аудандарда Білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының өкілдері жұмыс жасайды. Олар жергілікті билік органдарымен бірлесе отырып, білім беру мекемелеріндегі кез келген арыз-шағымдарды тексереді. Ақ-қарасын

анықтайды. Соның нәтижесінде пайда болған даулар ұшқынын ушықтырмай келіссөздер арқылы дер кезінде шешудің жолдарын іздестіреді. Қайталап айтам, бұл жерде адами қасиет алда тұрып, қарапайым жұрттың мүддесі бірінші кезекте болуы қажет. Қоғам дамуы, нарық дәуірі бізден осыны талап етеді. Бүгінде бұл Жолдау барлық мекемелерде қызу талқыланып жатыр. Біз де жан-жақты саралап шықтық. Жолдауда елдің дамуы, еңбектің қорғалуы, еңбекшілердің әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделеріне сергектік таныту ерекше аталып өтілді. Кәсіподақтың салалық құрылымдары тапсырмаларды уақтысында орындау ісіне бар күш-жігерді жұмсап келеді. Біздің басты алға қойған бағдар – ел азаматтарының жұмысқа орналасуы мен жаңа жұмыс орындарын құруда олардың құқығының бұзылмауын қадағалау, көзден таса етпей, назарда ұстау. – Айталық «Сөзақ үні» газеті жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Мемлекеттік мекемелер қызметкерлері кәсіподағының тікелей құрамында есепте тұрады. Сөзақ аудандық комитетінің төрағасы М.Асқаров көптеген игі бастамалардың басы-қасынан табылып, өз жұмысын белсенді атқарып жүрген азаматтардың бірі.

Жолдаудың орындалуы мен мақсатқа жетуіне тек мемлекеттік лауазым иелері ғана емес, жүрегі еліміз деп соққан азамат өз үлесін қосып, еңбек етуі керек. Бұл әрбір кәсіподақ жетекшісінің де басты міндеті. Олар өзі қызмет ететін ұжым мүшелерімен тығыз байланыста жұмыс атқаруы керек. Олардың бойында білімділік пен табандылық, кәсіби шеберлік пен үлкен адамгершілік болуы талап етіледі. Өйткені, біздің ұйым Қазақстан кәсіподақтарының құрамындағы ең ірісі. Жолдаудағы басты бағыттың бірі – білікті кадрлар дайындау. Бұл жастардың еңбек нарығында ұтылмауы, бәсекеде өз орнын алуы үшін ауадай қажет. Осыған орай кәсіподақтың орталық ұйымы нақты іске ерекше көңіл аударып отыр. Үкімет тарапынан жасалып жатқан іс-қимылдар аз емес. Соңғы жылдардың өзінде қаншама өзгерістер мен бетбұрыстар болды. Егемендігіміздің алғашқы жылдарындағы қиыншылықтар кезінде де

еңбек дауларын бейбіт келісімдер арқылы шешіп, ел бірлігі мен тыныштығын сақтау ісіндегі қалыптасқан дәстүрді жетілдіре беру. Кәсіподақтың жаңа деңгейге көтеріліп, дамуы үшін оның қызметін заңдестірудің маңызы өте жоғары. Бұл заң Елбасының «Қазақстан-2050» Стратегиясындағы тапсырмаларды жүзеге асыру аясында үлкен рөл атқаратынына сенімдімін. «Кәсіподақтар туралы» заң жобасын дайындау мен оны еңбек ұжымдарында талқылау барысында біздің кәсіподақ айтарлықтай белсенділік танытты. Қайталап айтам, аталған заң жұмыс берушілер мен кәсіподақ ұйымдарының жауапкершілігін арттырып, оның дамуы мен нығаюына жол ашады. «Мәңгілік Ел» болуға ниетті Отанымыздың еңбек ұжымдарында әлеуметтік тұрақтылықты сақталуына жаңа серпіліс беретініне еш шүбә келтірмеймін. Қандай ұйым болса да алға қойған мақсаты, айқын міндеті, әсіресе жұрт қызметшісі саналатын кәсіподақ ұйымдары, тәуелсіздік тұғырын биіктетіп, мемлекет мерейін асыру, татулықтың тағылымын таныту, береке бастауы бірлік екенін түсініп, түйсіну деп білемін. «Сөзақ үні» газеті кәсіподақ ұйымы соңғы бір жылдың ішінде көптеген жұмыстар атқарды. Мекеме жайын, қызметкерлердің тұрмыс-тіршілігін ойлаған мекеме басшысы аудан журналистеріне арнап автокөлік алып берді. Редакцияда зейнеткерлікке шыққанша қызмет етіп, бүгінгі жарқын күндерді көре алмай кеткен қызметкерлердің отбасын арнайы шақырып, әруақтарға ас беру шарасын ұйымдастырды. Көзі тірі ардагерлер журналистерді де арнайы шақырып, дастархан жайып, дәм беріп, қолдан келгенінше сый-сияпаттар жасап шығарып салды. «Газет халықтың құлағы, көзі, һәм тілі» атты жас таланттардың бағын ашу мақсатында «Бұлақ көрсең көзін аш!» демекші жас ақындар мұшайралары өткізілді. Жалпы қорыта айтқанда кәсіподақ ұйымы-қоғамның татулығы мен тыныштығының, замана талабына сай әлеуетті өмір сүрудің алтын баспадағы!

Мақсат ҚАРҒАБАЙ,
«Сөзақ үні» газеті ЖШС-гі
Кәсіподақ ұйымының
төрағасы.

Жат ағымдар жарылқамайды

Қазіргі қоғамды жауар күндей күркіреткен, томаға тұйық тон терісін жамылған қазақ елін ғана емес, бүкіл әлемді дүркіреткен пиғылы жат теріс ағымдар дүниежүзілік проблемаға айналып отыр. Исламға күйе жағып дін атын жамылғандар ислам десе зәресі зәр түбіне жетіп, шошынып қарайтын күйге түскені жасырын емес. Арғы-бергі, тоқсан толғаулы тарихымызды парақтар болсақ, халқымыздың қандай да бір діни алауыздықтарға жол бермегенін байқаймыз. Қазіргі ата-ана баласы «Алла» атын аузына алып, намазға жығыла бастаса кәдімгідей қорқып, қобалжитын жағдайға жеткен. Мұндай жайт ата-бабамыздың үш ұйықтасада түсіне кірмеген болар. Алайда, екіншіше қарай, бүгінгі ғаламдану заманындағы еліміздегі ахуал осыған саяды. Бұл арада мәселе діннің өзінен емес, дін атын жамылушы теріс пиғылдардың құйтырқы әрекетінен ушығып тұрған жайы бар. Ғаламдану заманындағы басты қатер – ашық-шашықтығымыз. Осы ұрымтал тұсты пайдаланушы мысық тілеу миссионерлер ұлтымызға жақын ислам діні атын жамылып кез келген бағыт бойынша, соның ішінде ғаламтор арқылы да жастарымыздың санасын улап, қоғамымызға іріткі салып бағуда.

Бүгінгі ағымдардың ислам атын жамылып атқарып жатқан іс әрекеттері тарихта болған дүниелер. Тек тарихтағы сол қисық түсініктер қайта айналып келіп отыр. Оны ислам қайнарына сүйенген білім арқылы және ауызбіршілік, ынтымақ арқылы жеңіп шығуымыз қажет. Ағымдарды жеңу терең білім толассыз насихаттар арқылы жүзеге асады. Жат ағымдар мына жағдайларда анықталады:

Халықтың діни ұғым, дәстүрлеріне байланысты:

1- Қарт кісілердің жастарға беттерін сипап, берген «Батасын» теріске шығарады.

2- Келіннің күйеуінің ата-анасына иіліп сәлем бергенін теріске шығару, бұл олардың пікірінше Алладан басқа тағы да біреуге табыну болып табылады.

3- Мұсылмандардың молаға зиарат етуіне болмайды.

4- Құранды өлген адамдарға арнап оқуды теріске шығарады.

5- Өнерді теріске шығарады.

Халықтың дәстүрлі ұлттық киіміне байланысты:

1- Арабтар мен пәкістандықтардың киімдеріне еліктеу (еркектердің ұзын көйлектері мен орамалдары)

2- Балағы қысқа немесе кесілген шалбар киеді, «тірсектен түскен киім-тозақ отына барады»-деп насихаттау.

3- Ұзын әрі күтімсіз сақал өсіру, бұл құдайдан қорыққандықтан-мыс. Олар сақал қою-дүюәжіп санайды.

Туыстық қатынастарға байланысты:

1- Ата-аналары дайындаған тамақтан, олар намаз оқымай дайындады деп, бас тартып қарсыласады.

2- Ата-ана, ағайын туыстары, дос жаран, тамыр-таныс, көрші қолаң мен қарым-қатынастауылы тоқсан, туған күн, мерекелер, еске алулар, діни-рухани рәсімдердің бәрі олар үшін жағымсыз, шарифатқа қайшы әрекет.

3- Әйел, қызбалалар, олар үшін бір зат немесе екінші сортты, тіпті құл-қуң дәрежесінде ұғынылады.

4- Басқа туыстарымен араласқан кезде, өздерінің Ислам туралы жеке түсінігін тықпалайды және олардың ойынша «мешіттерде сауатсыз имамдар отырғандықтан» тек қана өздерінің уәһабилікті дәріптеуші ұстаздарын тыңдауды талап етеді.

Ислам – адамзат баласын бірлікке, бейбітшілікке, татулыққа шақыратын дін. Бірлік бар жерде береке, бейбітшілік бар жерде тыныштық, татулық бар. Қазіргі таңда ислам атын жамылып, халықты түрлі сенімге бөлген жат ағымдардың қоғам тұтасығына сызат түсіріп отырғаны алаңдатады дейді дін өкілі.

«Жат ниетті ағым бұқара халықты сонау ата-бабадан жалғасып келе жатқан дінінен үркітіп-шошыту мақсатында түрлі айла-шарғыларын жасауда. Мәселен, исламның атын жамылған уәһабилер, құраниттер, ахмадияшылар, хизбутшылар, тәкфиршілер секілді ағымдар ашық та, жасырын да ел ішінде теріс бағытта қызмет жасауда. Әсіре-



се, қазақтың дүниетанымына сай келетін Имам Ағзам Әбу Ханифа мәзһабын мойындамай, жоққа шығарғысы келетіндер әрекеті байқалады. Жасыратыны жоқ, соңғы кездері ел ішін ала тандай бүлдіріп, жаңашылдық әкелмек болған «сәләфи» ағымы қанатын кеңге жаюда. Ал, аталған ағымның шырмауына түскен бауырларымыз хақ дін мен ағымның арасын ажырата алмай дал болуда. Діни сауатсыздығының кесірінен ұлт қауіпсіздігіне қатер төндіретін жатқа жалтандап, дана атанған халқымыздың салты мен дәстүріне дұшпандық жасап жатқаны жанымызға аяздай батады. Иә, жат ағым таратқан ақпараттардан дәстүрлі діни нанымдарымыз бен салтымызға сіңген діни көзқарасымызға мүлдем көреғар көзқарас, ұстанымдар шыға бастады.

Қазіргі кезде бүйректен сирақ шығарып, діни реформа жасағысы келетін діни ағымдардың жымсық әрекеті елге айдай анық көрінуде. Халқымызда «Аңқау елге арамза молда» деген нақыл бар. Бұл сөз бүгін де құнын жоймады. Өйткені дәстүрден тыс діни ағымдар тыныш қоғамды іштей іріту үшін діни сауаты кем қауым мен жастық желігі басылмаған жастардың қолымен от көсеуде. Олар, әлбетте, теріс бағыттағы ұйымдардың өз мақсаттарын қандай амал-айла арқылы жүзеге асырып жатқан жайын біле бермейді. Нәтижесінде түрлі діни ағым кесірінен айрандай ұйып отырған отбасылар ойрандалуда. Ата-ана ұл-қызынан тірідей айырылып жер соғып қалуда.

«Сондықтан елдің, ұлттың, халықтың тұтастығын сақтап қалу үшін, өздерін ғана ақылды санайтын, дін үйретушілерден барынша сақтану қажет. Шынында атын жамылған ағымдар мен топтар діни сауаты аз азаматтарымызды өз қармақтарына түсіріп, тіпті өздеріне бөлсенді жақтасқа айналдырып, өзімізге қарсы қойып үлгерді.

Ел бірлігі мен мемлекет қауіпсіздігіне зиян келтіретін ағымдардың жетегіне кетіп қалмау шараларына баршамыз атсалысуымыз қажет. Діни білімге сусаған кезде, бір мәселеге тап болған сәтте әркімге жүгінбей, дін мәселелерін зерттеу орталығы мен ресми діни бірлестік өкілдерінен кеңес сұрағаны абзал.

Дін – мемлекеттің негізін құраушы басты фактордың бірі болғандықтан, ол елдегі ішкі тұрақтылықтың кепілі. Ауызбірлік, елжандылық, бейбітшілік пен тыныштық – ислам дінінің басты мұраты. Ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіріп тұрған жат ағымдардан бойымызды аулақ ұстап, халқымызды, жастарымызды отансүйгіштікке тәрбиелегеннен ұтпасақ, ұтылмаспымыз анық. Олай болса, жат ағымның бірлікке емес, бүлікке алып баратын жол екенін еш ұмытпаған жөн.

Қорытындылай келе «Әр елдің тәуелсіздігінің мәңгілік болуы ынтымақ, бірлікте. Дана халқымыз «Береке басы – бірлік», – деп бекер айтпаса керек. Ұлт пен ұлысты бауырына басқан бүгінгі еліміздің еңсесі берік ынтымағының арқасында талай-талай игіліктерге қол жеткізіп келеді. Сондықтан «Төртеу түгел болса, төбедегі келеді, алтау ала болса, ауыздағы кетеді» деген қағиданы берік ұстанғанымыз жөн.

Қ.САЛЫҚБАЕВ,
Түркістан облысы дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің Ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру және үйлестіру бөлімінің басшысы.

Халқымыздың ғасырлар бойы жалғасқан ата танымында бірліктің маңызы айырықша. Дана халқымыз: «Бірлік болмай тірлік болмайды», «Байлық – байлық емес, бірлік – байлық», – деп бірліктің алдында байлықтың да құнсыз екенін

көрінісі, нәтижесі болады. Абай атамыз да: «Бірлік - ақылға бірлік, малға бірлік емес», - дегенде осыны меңзесе керек.

Бірліктің қоғамымызға әсер ететін пайдалы тараптарының алғашқысы - тәуелсіздігіміздің тұғыры берік болады. Хадис-шәрипте «Жамағатта (бірлік пен ынтымақта) рақымдылық бар, ал бөлінушілікте азап бар»,-деген өсиет бар. Шынында да, берекені сақтамаудың соңы ауыр зардаптарға соқтырып, халықты азапқа ұшыратады. Ата-бабаларымыз да мұндай келеңсіздікке қатаң тыйым салған. Тәуке ханның әйгілі «Жеті жарғысында» көтеріліс жасап, бүлік шығарған кісілерге өлім жазасы бұйырылған. 1885 жылы Шар бойында Абайдың қатысуымен жасалған «Қарамола ережесінде» де

Бірлігі бекем елдің болашағы жарқын

сезінген. Құранның «Хужурат» сүресінің 13-аятында: «Әй, адам баласы! Шүбәсіз, сендерді бір ер, бір әйелден жараттық. Сондай-ақ, бір-бірлеріңді тануларың үшін ұлттар мен ұлыстарға бөлдік»,-делінген. Бұл аяттан Алла адамдарды бір-бірін тану үшін ғана ұлт пен ұлысқа бөлгенін айта келіп, бір ата, бір анадан тарағанымызды еске салу арқылы татулықта, берекеде болуға үндегенін аңғарамыз. Ал, басқа дін өкілдерімен мәміледе: «Кітап иелерімен ең көркем түрде, сыпайылық пен әдептілік сақтап пікір таласыңдар», - деп келетін Құран аяты бар. Мұны терең түйсінген қазақ халқы өзге дін өкілдерін де сыйлап, құрметтеп отырған. Тарихи себептермен елімізге келген өзге ұлт өкілдеріне қырын қарамай, құшақ жайғаны осының айқын айғағы. Қазақ халқы адамдарды нәсіліне, дініне, көзқарасына бөлмей «ағайынның аты озғанша, ауылдастың тайы озсын», - деп көршісі кім болса да, онымен сыйласып, дәм-тұз айқастырып, жоқ-жітігіне қарайласып, достық қатынасты жоғары қойған.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев: «бейбітшілік пен қоғамдық келісім – баға жетпес байлығымыз. Біздің бірлігіміз бекем, мақсатымыз ортақ, рухымыз асқақ. Соның арқасында кез келген қиындықты жеңіп, дамудың даңғыл жолында келеміз», - деген сөзі әрбір рухы асқақ азаматқа демеу болары сөзсіз. Алайда, бірлік тілде болғанымен жүректе болмаса, қоғамда жеміс бермейді. Себебі, жүрек -денемізде аса маңызға ие. Оның ісі шынайы, нақты болады әрі нәтиже береді. Демек, бізге бірліктің ауыз жүзінде ғана болғанынан, жүректе болғаны аса маңызды. Сонда ғана қоғамда шынайы бірліктің

ұрыс-көріс шығарғандар қатаң айыпталған. Яғни, атшапаннан бастап үш тоғызға дейін айып төлеген. Міне, бұл оқиғалар арқылы біздің тарихымызда Отан тыныштығы, ел бірлігі, ұлт тұтастығы жоғары бағаланғандығын айқын көруге болады.

Дана халқымыз «айырылған азады, қосылған озады», «арта қалғанды аю жейді, бөлінгенді бөрі жейді», - деп айшықты ой айтқан. Сонымен қатар, бірліктің үлкен пайдасы - ел гүлденеді, қоғам дами-ды, ғылым алға басады. Береке-бірлік болған жерде ғана ел гүлденіп, құндылықтар жаңғырып, қоғамның рухы жаңарады. Береке болған жерде Құдай Тағала қоғамның және адамдардың әрбір жұмысына молшылық, табыс береді. Сол берекет арқылы істің өнімділігі жоғарылайды, өндіріс өркендейді, қоғамның дамуы қарқын алады. Майқы бидің: «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді», – деген сөзінде үлкен мән бар. Ел тыныштығы мен бірлігі үшін әрбіріміз өзімізге жүктелген міндетке жауапкершілікпен қарап, болашағымыз үшін қазірден өз үлесімізді қосудымыз, елдің өркендеуі мен діннің қанат жайуы тек тыныштық пен бірліктің арқасында жүзеге асатынын ұмытпауымыз қажет.

Қорыта айтсақ, Мәңгілік Ел болу мұратындағы біздің қоғамға тыныштық пен берекені тигізер пайдасы орасан. Ендеше, әрбіріміз тыныштықтың бағасын біліп, берекелі қоғамның уығы болып қадалғанымыз абзал.

Б.ШАЙМЕРДЕН,
Түркістан облысы дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің Жетісай ауданындағы маманы.

Азиялық шегіртке!

Шегіртке десе құлағымыз елен ете қалады. Өйткені, шаруалардың ала жаздай еңбегін және мал азықтық жайылмадағы шөптерін жеп қойатыны бәрәмізге мәлім. Сондықтан, шегіртке зардаптарын болдырмау, олардың шектен тыс көбейіп кетпес үшін ұшқыш азиялық шегіртке жөніндегі қысқаша сипаттама бере кетуді жөн көрдік. Ұшқыш азиялық шегіртке, өзінің аты айтып тұрғандай үйіріменен, жас шегірткелер 45-50 шақырым, ересектері 200-300 шақырым қашықтыққа ұша алады. Ересек шегірткенің түсі қоңыр, жасыл, сарғыш, түсіне қарап кейде көкқасқа шегіртке деп те атайды. Алдыңғы арқа бөлігі қырлы, ұзындығы 3,5 см-ден 5-7 см-ге дейін болады. Жұмыртқаларын қамыстың қуысына, топыраққа сала береді. Әр шегіртке 2-3 күбірше салады, оның әр қайсысында 55-115 аралығында жұмыртқа болады. Сонда әр шегіртке 345 ке дейін ұрпақ қалдырады деген сөз. Ұрпақ қалдырарда өте қолайлы су көздерінің жанындағы қамысты құрақты жасыл желекті жерлерге қонақтап жұмыртқалайды, кейін өзі өледі. Күбіршелер ыстық-суыққа жауын-шашынға өте тәзімді, өзіне қолайлы табиғи жағдай болғанда күбіршелерден шыққан жұмыртқа 2-3 түрленіп жоғарыдағы көкқасқа шегірткеге айналады. Шу өзенінің алқабы олардың ұрық тастауға көбеюіне қолайлы өңір. Сондықтан, шегіртке зардаптарын болдырмау олардың шектен тыс көбейіп кетпес үшін көріне қалған жағдайда аудандық аумақтық инспекцияның 4-13-05, немесе 87756359884 телефонына хабарласуыңызды сұрайды.

А.УАЛИЕВ,

Аудандық аумақтық инспекцияның өсімдіктерді қорғау және карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы.

Қоғам дертімен күресейік!

Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Әлібек БАҚЫТБЕКҰЛЫ,

Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің бас маманы, азаматтық қорғау капитаны.

Күш біріктіріп күрескен жөн

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму Мемлекеттің дамуына қадам басты, бұрынғы өткен ата-бабаларымыз да дөп басып «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың әділдік пен турашылдықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз. Ел болып еңсемізді көтергенімізге, тәуелсіздігімізді алып, шаршы әлемге танылғанмызға отыз жылдай уақыт өтті. Еліміз бүкіл әлемге өзінің біртұтастығымен, ажырамас бірлігімен танылды. Қоғам дамуының жаңа жолын таңдап, туғанды биде иман жоқ әр түрлі кеселдерден айығуды міндет етіп қойды. Ол жол-Президентіміздің бастауымен алға қойылған сыбайлас жемқорлықпен күрес жолы. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

С.СЕЙДАХМЕТОВ,

Созақ ауданындағы №11 өрт сөндіру бөлімінің бастығының орынбасары, азаматтық қорғау лейтенанты.

Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!



Құмкент ауылдық округі әкімі аппаратының мәжіліс залында 2022 жылдың 29 сәуір күні, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында, қоғамдық келісім жалпы ұлттық бірлікті, елдің ынтымағы мен бірлігін нығайту тақырыбында жиын өтті.

Жиынға, ақын ҚР Мәдениет қайраткері, Қ.Кемелұлы атындағы шығармашылық бірлестіктің төрағасы, Созақ ауданының Құрметті азаматы М.Асқаров және С.Қожанов атындағы музей директоры Н.Дүйсенбек ағалар келіп қатысты.

Жиынды ауыл әкімі Ф.Пәрдебекұлы жүргізіп отырды. Алғашқы сөзді М.Асқаров алып сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруды тақырыбында біраз әңгіме өрбітті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда өскелең ұрпақпен жұмыс қағидатты маңызды рөл атқарады. Тек жас кезінен мінез-құлықтың сыбайлас жем-

қорлыққа қарсы стандарттарын енгізу бұл әлеуметтік зұлымдықты жоюға мүмкіндік береді. Бала кезінен тұлғаны қазақстандық патриотизм және сыбайлас жемқорлықты қабылдамау рухында тәрбиелеу маңызды болмақ. Талай сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар азаматтардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асырған кездегі құқықтық сауаттылығы әлсіздігінің салдары болып табылады. Осыған байланысты, халық арасында кең ауқымды түсіндіру жұмысы, олардың жасын, кәсіби және өзге де ерекшеліктерін ескере отырып, азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыру жөніндегі жүйе қалыптасуы тиіс екендігін айтып өтті.

Ел бірлігі – ең асыл қасиет. Бірлік – біздің қасиетті туымыз. Үдеудің сыры – бірлікте, жүдеудің сыры – алауыздықта. Бірлігі жақсының тірлігі тапшы болмайды. Біздің бабаларымыз тірі болуы үшін бір болған, біз

ірі болу үшін бір болуымыз керек. Тек бірлесіп қана, бүкіл халықтың күш-жігерін біріктіріп қана біз алға баса аламыз. Бірлігі берекелі, тірлігі мерекелі, ынтымағы жарасқан елдің ғана ырысы мен табысы мол болмақ деп, өз сөзін тұжырымдап айтты.

Жиында екінші сөз алған Н.Дүйсенбек, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің алғышартты қадамы ол, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана - адамгершілік және адамгершілікке жат қылықты, құқықтық және құқықтық емес, заңды және заңсыздықты көрсетіп береді.

Жалпы ұлттық бірлікті, елдің ынтымағы мен бірлігін нығайту туралы айтар болсақ, біздің кейінгі ұрпаққа аманаттар ең басты байлығымыз – Ел бірлігі болуы керек. Осынау жалпы-ұлттық құндылықты біз әрбір жастың бойына сіңіре білуге тиіспіз. Елдің тұтастығы мен бірлігі, татулығы мен тыныштығы ең басқаты назарда болу керек. Ел бірлігі – біздің барша табыстарымыздың кілті деп сөзін аяқтады.

«Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыру» бойынша аудан әкімі бекіткен кешенді жоспар негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы насихаттау мақсатында көше аралау арқылы брошюралар таратылды.

Б.ӘБИШОВ,

Құмкент ауылдық округі әкімінің кеңесшісі Іс басқарушысы.

Сыбайлас жемқорлық-Кесел

Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немісқайшылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-

ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі. Әрине, сыбайлас жемқорлық дәрі беріп емдейтін сырқат емес. Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертке болып атсалысып, қарсы жұмылуымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті. «Әділдік жоқ жерде пара белең алады», «Дүние – байлық неге керек, денсаулығың болмаса, Төрелігің неге керек, халықтың көңілі толмаса» деген нақыл сөз сот саласында еңбек етіп жүрген қызметкерлердің де бағдары іспеттес. Шынында да, біз әділ төрелік жасап, жемқорлықтан жоғары тұрған жағдайда ғана халық сеніміне ие боламыз.

Ендеше, жемқорлықты жоюды мақсат еткен сот жүйесі де жолдауда белген тапсырмалардың шындыққа айналып, заңнамалардың талапқа сай орындалуына мүдделілік танытуды міндеті санайды.

Т.АСҚАРБЕКОВ,

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Түркістан облысы бойынша филиалының Созақ аудандық тіркеу және жер кадастры бөлімі басшысы.

Созақ спорты қашан да соны жаңалықтарға толы. Оны аудандық «Созақ үні» газетінің әрбір санын жібермей оқитын, көзіқарақты оқырмандарымыз жақсы біледі. Себебі, аудан көлемінде болып өткен, болатын жаңалықтардан алдын-ала және дер уақытында хабардар ететін газет редакциясы Созақ спорты жайлы жаңалықтарды да кешіктірмей жіберіп отырамыз. Дегенмен, осы жолы спорт жаңалықтары түрлі себептермен оқырмандарымызға кешеуілдетіп жеткелі отыр.

Сонымен, әуелі күн менен түн теңесетін, жалпы Түркі халықтары үшін жылдың басы есептелетін Наурыз айында болып өткен байрақты бәсекелерге тоқталсақ. Осы айдың 10-13 жұлдыздары аралығында Атырау қаласында Белбеу күресінен 2005-2007 жылы туылған жасөспірімдер арасында ҚР-ның чемпионаты өтті. Ел біріншілігіне ауданымыздың намысын қорғап барған балғын балуанымыз, балалар мен жасөспі-



ры белдескен Халықаралық турнирде жерлесіміз, ауданымыздың мақтанышы Дәурен Дәмен 82 келі салмақ дәрежесінде белдесіп, жүлделі II орынды иеленіп, күміс жүлдегер атанды. Тағы да осы айдың 5-7 аралығында Тараз қаласында 2005-2006 жылы туған жасөспірімдер арасында Белбеу күресінен өткен ҚР-ның чемпионатында XI мектеп гимназиясының оқушысы Амангелді Мақсат 55 кг салмақта белдесіп, I орынды жеңіп алды. Тағы да осы Мамыр айының 25-27 жұлдызы аралығында Белбеу күресінен Өзбекстан мемлекеті, Қоқанд қаласында 2005-2006 жылғы жасөспірімдер арасында өткен Әлем біріншілігінде осы Амангелді Мақсат III орынды иеленіп, ауданымыздың намысын абыроймен қорғап қайтты. Жаттықтырушысы С. Қалиев. Әне, ағайын! Байқағандарыңыздай, Созақ спортының саңлақтары спорттың қай түрінен

Созақ спортының соңғы жаңалықтары

рімдерге арналған спорт және Н.Төреқұлов атындағы ІТ лицей мектебінің 10 сынып оқушысы Амангелді Мақсат жүлделі III орынды иеленді. Сондай-ақ, осы Белбеу күресінен Талдықорған қаласында өткен 23 жасқа дейінгі ҚР-ның біріншілігінде де Созақтық сақа балуандарымыз күресіп, Апбазов Диас баламыз 75 келі салмақта ел чемпионы және спорт шебері атанды. Ал, Шымкент қаласында өткен Белбеу күресінен жастар арасындағы ҚР-ның байрақты бәсекесінде тағы бір болашағынан көп үміт күттіретін балуанымыз Тұрсын Бәкберген 90 кг салмақ дәрежесінде II орынды иеленді. Тағы да Белбеу күресінен 28-

Азия біріншіліктеріне жолдама алды. Сол себепті де, Диас Апбазов, Тамабай Жасұлан, Дамир Берікбайлар Шымкент қаласында ауданымыздан шыққан әлем чемпионы мен жүлдегері Айдос Құлманбет пен Мақсат Жәнділданың қол астында жаттығып жатыр. Ал енді, осы Наурыз айының 1 мен 2 аралығында Түлкібас ауданы, Жарымбетов ауылында 2002-2005 жылы туған жасөспірімдер арасында Асық ату мен бесасық ойын түрлерінен Түркістан облысының чемпионаты өтті. Ұлттық ойындар үстемдік құрған бұл жарыста Созақ ауданының құрама командасы командалық есепте I орынды жеңіп алды. Команда құрамында: Асаубай

Осы айдың 27-30 күндері Тараз қаласында 2002-2004 жылы туған жастар арасында өткен Белбеу күресінен +90 келі салмақ дәрежесінде белдескен жерлесіміз Аят Есентай жүлделі I орынды жеңіп алып, ауданымыздың жүлде қоржынына тағы бір медаль қосты. Жаттықтырушысы Марғұлан Саржан.

Тағы да нақ осы айдың 25-28 жұлдызы аралығында Шымкент қаласында Баскетболдан ҚР-ның чемпионаты 3X3 түрінен 10-12 жас оқушылар арасында өтті. Байрақты бәсекке ауданымыздың намысын қорғап барған Н. Базаргелдінің шәкірттері III орынды иеленді. Атап айтар бол-

болмасын шашасына шаң жуытпауда. «Бардық, қатыстық, жеңіп алдық!» дегенді өздеріне мақсат қылып қойғандай ма қалай! Әрине, бұл жерде сол сақа спортшыларымыздың арқасында тұрған, тілеуқоры болған Теріскей жұртының, ата-аналары мен жаттықтырушыларының ізгі ниетін, ерен еңбегін айтпай кетуге болмас. Ендеше, ел намысын қорғап, небір байрақты бәсекелерде топ жарып жүрген теріскейлік тарландарымызға: «алдағы уақыттарда тек жеңіс тұғыры-



31 аралығында Нұрсұлтан қаласында өткен ҚР-ның ересектер арасындағы чемпионатында балуандарымыз 82 келі салмақта Дәурен Дәмен, 57 кг салмақ дәрежесінде Тамабай Жасұландар жүлделі II орынды жеңіп алды. Ал енді, 62 келі салмақта күрескен Берікбай Дамир III орынға табан тіреді. Айта кететін жәйт, бұл біріншілікте 1-2 орын алған балуандар алдағы Әлем және

Саңғар, Асан Қыдырәлі, Өмірзақ Қайсендер болды. Сондай-ақ, осы Асық атудан Мамыр айының 4-7 жұлдызы аралығында 2006-2008 жылы туған жасөспірімдер арасында Ақмола облысы, Көкшетау қаласында өткен чемпионатта Көпберген Нұрсат I орынды иеленді. Жаттықтырушысы А.Айтқұлов.

Сәуір айында орын алған спорттық жаңалықтардың легі мынадай:

сам, команда құрамында: Қырғызбай Нұрсаян, Өмірзақ Хусейн, Мадияр Ислам және Подвигин Богдан болды.

Ал, Мамыр айының 15-17 аралығында Белбеу күресінен Ақтөбе қаласында Халықаралық турнир болып өтті. Ресей, Әзірбайжан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркіменстан, Тәжікстан және Монғолия елдерінің сақа балуанда-



нан көріне беріңдер!- дейміз газет ұжымы мен оқырмандарымыздың атынан!

Данияр БЕК.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:

**Абилпаттаев Ержан
БАКЫТЖАНОВИЧ**

Бас редактор:
**Теңізбаев Сәрсенбек
САЙЛАУБЕКҰЛЫ**
Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы-

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асан БАҚТЫБАЕВ
Терішші-
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар өңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен өкі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3800 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.